

болып шығуға үндейді. Ол жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды.

«Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері» тақырыбын өткенде А.Эфиров пен А.Сыдыковтың «Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен педагогикалық идеялары» кітабын пайдаланып, «Ы.Алтынсарин білім берумен тәрбиенің мақсат-міндеттерін қалай анықтады» деген тақырыпта шағын зерттеу жұмысы жүргізілді. Студенттер ізденіп, зерттеушілік қабілеттерін шыңдады.

«Еңбек тәрбиесі» тақырыбын өту барысында «Ы.Алтынсарин мұралары оқушыларға еңбек тәрбиесін беру ісінде» деп буклет жасауға болады, ұжымдық шығармашылық істер, «аукцион» (еңбек тәрбиесі туралы әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдер бойынша). «Адамгершілік тәрбиесі» тақырыбында Ы.Алтынсариннің әңгіме, мысалдарды, өлеңдерін қолдана отырып, этикалық әңгімелер жүргізуге болады. Адамгершілік тақырыбында жазылған ертегілерінен көріністер дайындау ұсынылады. Мақсатым: студенттердің хабарлау іскерлігін, қолданбалы қабілеттерін дамыта отырып, адам бойындағы игі қасиеттерді қалыптастыру. «Эстетикалық тәрбие» тақырыбында ұлттық өнердің өмірдегі орнын аша отырып, табиғат жайлы өлеңдерінен байқау ұйымдастыруға болады. Байқау барысында студенттерді өнер деген ұлы құдіретті тани білуге, бағалауға сонымен қатар өн бойларында айналадағы сұлу да әсем ортаға сүйсіне қарау сияқты игі қасиеттерді қалыптастыру. «Дене тәрбиесі» тақырыбында ұлттық ойындар, «Ы.Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде дене тәрбиесінің ролі туралы» тақырыбында баяндама жасауға, ұлттық ойындар сайысын өткізуге болады. «Мектеп, отбасы және қоғам» тақырыбында отбасындағы ананың сүтімен, атаның қанымен алынған тәрбиенің қайнар көзі ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарымызбен таныстыру ұсынылады.

Бұдан басқа пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар барысында Ы.Алтынсарин шығармаларын кеңінен пайдаланып, оң нәтижесін көруге болады. Оның шығармалары тікелей бала тәрбиесімен байланысты, ананы сүйуге, адамгершілік, әдептілік, қарапайымдылық, адалдыққа үйретеді. Ыбырай тәрбиесі – халықтық тәрбие, сондықтан бүгінгі қарыштап дамыған қоғаммен біте байланысқан. Ұлы педагогтың шығармашылығының негізгі бастау алар бағыттары да қазіргі мұғалім даярлау ісінің қайнар көзі болып табылады және «Мәңгілік еліміздің» болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін әлі де қоса бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы», Қостанай таңы, №16.
2. **Ы.Алтынсарин** «Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар» / Алматы, 168 б.
3. **Ы.Алтынсарин** «Таңдамалы шағармалар» / Алматы, 1955 ж.
4. **С.Қалиев** «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары» / Алматы, 2001 ж.
5. **Ә.Ламашев** «Ы.Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» / Алматы, 1998 ж.
6. **Б.Тұрғынбаева** «Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы – Қазақ хрестоматиясын жазды», 2013 ж.

УДК 377

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫНА КӨЗҚАРАСЫ

Раймбекова Ж.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, кәсіби білім беру мазмұнын трансформациялау зертханасының меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

Мақалада ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің мұғалім мамандығына деген көзқарасы, мұғалім туралы нақыл сөдерге шолу жасалды. Сол уақыт пен қазіргі уақыттағы мұғалімдер арасындағы сабақтастық көрсетілді.

Түйінді сөздер: білім алушы, мұғалім, педагогика, табысты мұғалім.

Тәуелсіз және егеменді Қазақстан Республикасы өз дамуында ғылыми-техникалық, ақпараттық, саяси, экологиялық және рухани қолдаудың жаңа деңгейіне көтерілуде. Республика өміріндегі бұл өзгерістер білім беру жағдайы мен оның сапасын қайта қарауды талап етеді. Соңғы жылдары білім беру, сөзбен емес, іс жүзінде мемлекетіміздің дамуының басым бағытына айналғаны даусыз.

Кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету процесінде инновация мен сапалы білім жетекші рөл атқаратыны белгілі. Елдің экономикалық өсуі сол елдің адамдарының сапалы біліміне байланысты.

Замануи дамуға сәйкес бүгінгі қоғам, әлеуметтік және экономикалық өмірдің шарттары

өзгеруде. Өзгерген қоғам өзінің мүшелеріне басқа талаптар қояды. Бүгінгі заман талаптары жеке тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, «өзіндік» уақытына әкелді. Қоғамдағы жаңалықтар білім беру жүйесінде өзгерістер тудырды, оның негізгі мақсаты қазіргі кезеңде білім алушыларға білім мен дағдыларды беру емес, білім алушылардың шығармашылық дамуы, олардың өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту қабілетін дамыту.

Қазіргі қазақстандық педагогикалық кәсіби білім беру мектебі ескі педагогикалық әдістердің орнына, педагогтер мен әдіскерлердің үздік мұрасын пайдалануда. Осы мақсатта тарихи тәжірибе ескеріліп, педагогикадағы жаңалықтарға сүйеніп, тиімді педагогикалық әдістерді іріктеу жұмыстары жүргізілуде, педагогикада ғасырлар бойы жиналған ұрпақ сабақтастығының салт-дәстүрлері қолданылуда.

Қазақстандағы педагогикалық кәсіби білім беру мектебінің дамуы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеяларымен сабақтасып, дәстүрлі үндеседі. Білім беру жүйесін жаңғырту процесі ұлы ағартушының ұсынған бірқатар негізгі принциптеріне негізделген:

- мемлекеттің білім беруді дамытудағы алатын шешуші рөлі;
- білімнің барлығына қолжетімділігі,
- тұлғаның жан -жақты дамуы,
- белсенді азаматтық ұстанымды қолдау;
- демократия және жаңа технологияларға назар аудару,
- білім беру жүйесінің икемділігі мен динамизмі.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы – көптеген педагогикалық мәселелерді бейнелейтін интегралды педагогикалық жүйе. Алтынсарин ағартушылықтың дәйекті жетекшісі болды, адамдық тәрбиенің гуманистік принциптері мен мұраттарын қорғады. Оның ағартушылық идеялары туған халқының экономикалық және мәдени артта қалуын жоюға бағытталды.

Алтынсариннің тарихи еңбегі оның тікелей бастамасымен Қазақстанда қоғамдық зайырлы мектептер желісінің құрылуы. Ол ең алдымен, аймақтың барлық елді мекендерінде бір орталық мектеп ашуды шешті. Осы мақсатта ол халықтан қаражат жинап, Торғай ауылдарына барды, содан кейін Илецк, Николаев, Торғай және Ырғыз елді мекендерінде бір жылдық, екі жылдық орыс-қазақ мектебін ашып, оларды кадрлармен қамтамасыз етті, әр мектепте кітапхана құруға қамқорлық жасады.

Ы.Алтынсарин қыз балаларды оқытуға үлкен көңіл бөлді. Қазақ қыздарына 20 оқушыға арналған алғашқы мектеп 1887 жылы Ырғызда ашылды. Кейінгі жылдары мұндай мектептер басқа елді мекендерде ашылды.

Алтынсарин қазақ даласындағы кәсіптік білімнің негізін қалады. 1884 жылы Торғайда Я.П. Яковлев атындағы қолөнер училищесін ашып, кейін ол әйелдерге арналған екі жылдық қолөнер училищесін, екі класстық училищелер жанында қолөнер класстарын ұйымдастырды. Қостанайда ауылшаруашылық училищесін ұйымдастыруға ат салысып, бірақ оның бұл идеясы сол кездегі жергілікті басшылықпен қолдау таппай ашылмай қалды.

Ол өз халқын өркениетті мемлекеттер қатарынан көргісі келді және сол бағытта барлық күш-жігерін жұмсады. Алтынсарин білім беруді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгертудің негізгі құралы ретінде қарастырды.

Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірін туған жерін ағарту жолындағы бағытқа арнады. «Қазақ халқы білім алу үшін қолайлы жер болып табылады», – деп жазды және сана мен ділдің негізгі құралы білім екенін түсінді.

Ұлы ұстаз адам елдің басты байлығы екенін ұғынып, білімі мен біліктілігі бар адамдар дамудың негізгі стратегиялық ресурсын құрайтынын, ал білім прогрестің қозғаушы күшіне, жаңа өмірлік пайда көзіне айналатынын білді. Білім – жеке адам үшін де, жалпы ел үшін де табыстың құндылығы мен негізі екенін түсінді.

Ы.Алтынсарин халықтың қажеттілігіне қарай ұлттық тәрбиелік міндеттерді анықтады. Ол кәсіби білім қоғам өмірінде лайықты орын алатын, мәдениеттің жоғары деңгейін, жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін өз халқының өкілі ретінде нақты біліммен қамтамасыз етуі тиіс деп санады.

Алтынсарин қазақ мектебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдап, оларды өзінің барлық практикалық қызметінің негізіне айналдырды. Сол мақсаттардың бірі мектептің нағыз мәдениет ошағына айналуы, жақсы кітапханасы болуы керек екенін көздеді. Мектептің негізгі міндетін, ағартушы әр түрлі құбылыстарды зерттей отырып, білім алушылардың білім алу талпынысын нақты пәнді оқыту арқылы қарастырды. Ол жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқуға, сонымен қатар оқушылардың бейіндік дайындығына қатты көңіл аударды.

Бүгінгі таңда білім беру мен оқытуда білім алушыларға сыни ойлауы дамыған, өзіндік ынтасы бар, тәуелсіз, ынталы тұлға болуға мүмкіндік беретін конструктивтік теорияларға негізделген оқытудың тәсілдері белсенді қолданылады.

Қазіргі заманғы кәсіби білім беру мектебі баланы тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту, оның өзін-өзі тануына, қабілеттерін ашуға және көрсетуге, табысқа жетуге мүмкіндік беру үшін барлық мүмкіндікті жасайды. Білім алушылардың жетістікке жету шарттарының бірі-өзін-өзі жүзеге асырудың шексіз

мүмкіндіктері бар іс-шараларға қатысу деп табылады.

Қазіргі кәсіби мектептің басымдықтары – білім алушылардың қоғамның мүшесі ретінде өзін-өзі тануға, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауға деген ұмтылысынан көрінетін әлеуметтік прогрессивті тұлғаның қалыптасуы, олардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгере білетін үздіксіз білім алуға бағытталуы.

Оқу -тәрбие процесін ұйымдастыруда Ы.Алтынсарин мұғалімге, оның оқу-тәрбие процесінің мақсаттарын жүзеге асырудағы әлеуметтік-адамгершілік миссиясына бірінші мән берді. Мектептің табысы мен халықтың болашағы педагогке байланысты: ««Халық мектептері үшін ең керектісі-оқытушы, – деп жазды ол.-тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтар да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды», – деп жазды. Педагогикалық жұмыста, Алтынсарин айтқандай, барлық мәселе «мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде және балалармен дұрыс қарым-қатынаста болуында».

Ұстаз бейнесі Ыбырай Алтынсаринді қатты алаңдатты. Ол «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі», – деп мұғалімнің мәртебесін көтерді. Халық даналығы былай дейді: «Ұстаз ұлт пен қоғамды жасайды». Біздің заманымызда әділеттілікті сақтап қалған бұл көне және дана сөзде педагогикалық еңбектің әлеуметтік-гуманистік мәні жатыр. Шын мәнінде, мұғалім – елдің қозғаушы күштерінің дамуының қайнар көзі, оның әлеуметтік прогресі мен шығармашылық әлеуеті. Ұстазсыз батыр да, ақын да, саясаткер де, ғалым да болмайды.

Мұғалім мамандығының ең басты бағыты оның жеке басына жоғары талап қояды. Бұл туралы ұлы ағартушының айтқаны: «Біз кездейсоқ үйрете салмай, жақсы білім беруіміз керек,...». Ол мұғалімдер шәкірттерінің оларды сүюіне және олардың сүйіспеншілігіне бөленуі керек, сонда ғана тәрбие мен білім беру мақсаттарына жетуге болады деп есептеді. Қазіргі кездегі заманауи мектепте де білім берудің үш субъектісінің: мұғалімдер, білім алушылар мен ата-аналардың өзара әрекеттесуімен ғана жоғары нәтижеге жетуге болады деп есептеледі.

Қазіргі кезде білім алушылардың оқу үдерісі мен нәтижесіне ең үлкен әсер ететіні мектеп әкімшілігі мен білім беру органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз етудегі қызметін емес, мұғалімнің күнделікті сабақтағы білім алушыларды тәрбиелеу және дамытуға бағытталған жұмысы екендігі даусыз.

Мектеп қызметін жақсарту және білім алушылардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етудегі басты тұлға – мұғалім. Оның кәсіби өсуі мен кәсіби білімді қалыптасуына барлық жағдай жасалған. Қазіргі мектепте мұғалімнің өз іс -әрекетінің ерекшеліктеріне сәйкес келетін кәсіби қасиеттерінің болуы маңызды, сонымен қатар мұғалім оқушыға заманауи басқа көзқараспен қарап, әсер етуі керек. Әсер ету объектісінен мектептегі оқушы әрекет субъектісіне айналу керек. Қай заманда болмасын табысты мұғалім әрқашан зерттеуші болады. Өйткені, адамды бір нәрсеге «үйрету» үшін сол нәрсені «меңгеру» қажет. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі табысты болуы керек. Өйткені Алтынсарин: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», – деп, білім беруде мұғалімдердің жауапкершілігіне үлкен мән береді.

Табысты мұғалім өзін-өзі тәрбиелеу, әдістемелер мен дағдыларды жетілдіру арқылы заман ағымына ілесуі керек, өзінің дамуына назар аударуы керек. Өйткені, бүгінде тек бір нәрсені үйреніп, жаңашылдыққа ұмтылған адамдар ғана мұғалім болып, сабақ бере алады. Заман талабына сай педагогикалық мамандық өзінің бастапқы мазмұнын өзгертіп келеді. Мұғалімдер барған сайын кеңесшілерге, тәлімгерлерге және модераторларға айналуға, олардың міндеті – білім алушыларға білімін қалыптастыруға көмектесу және бұл үшін жеке жауапкершілікті сезіну. Тек диалогта, балалармен бірлескен шығармашылықта нағыз сабақ туады, оқу іс -әрекетінің мотивациясы артады. Сол үшін мұғалім оқытудың жаңа әдістерін іздестіріп, табуы қажет.

Табысты мұғалім инновациялық тәсілдер мен әдістерден қорықпайды, білім алушының білім алуына қажет әр түрлі үлгілерді қолданады, білім алушыны оқу процесінің субъектісі етеді. Табысты мұғалім әр білім алушыға таланты мен қабілетіне қарамастан сәттілік жағдайын жасайды. Өйткені, бала өзінше бірегей тұлға, ал мұғалім оны табысқа жетуге бағыттап, өз күшіне сенімділік сезімін ұялатуы қажет. Педагогтың жеке басы – білім алушының айналасында белгілі бір орта қалыптастыра білу керек. Сондықтан білім алушыларды тұлғалық дамытудың ең жақсы тәсілі – оларды шығармашылық әрекеттерге тарту, өйткені олар сол процестің белсенді қатысушылары: олар ойлап табады, құрастырады, түрлендіреді, модельдейді.

Мұның бәрі білім алушылардың өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі растауға ықпал етеді, сайып келгенде, өзіне деген сенімділігін артады, позитивті өмірлік позициясын қалыптатырады.

Сонымен қатар табысты мұғалім – бұл әлемге өзі басқаратын адамдардың көзімен қарай білетін және адамды адам ететін нәрсені уақытында айтатын көшбасшы. Білім алушыларға осылай болу көріну үшін олар жиі-жиі өздерін, әдеттерін жеңіп, білім алушыларды қайда және не үшін алып бара жатқанындарын нақты елестетуі керек.

Адамды тәрбиелеу мен оқыту – күрделі, көп қырлы, әрқашан өзекті мәселе. Әр баланың әлеуеті зор. Мұғалім балаларға өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі растауға және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, еркін, шығармашылық және жауапты тұлға болуға көмектесе алады. Яғни, мұғалім дегеніміз

басқаларға жақсы болуға көмектесетін адам.

Сондықтан да, Алтынсарин өз еңбектерінде, мұғалімнің мектептегі роліне айрықша маңыз берді, мектеп ісінің әр саладағы жетістіктері мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, өз жұмысын сүйе білушілігіне байланысты деп таныды. Мұғалімнің шығармашылық ізденушілігі мен еркіндігін айрықша қолдап отырды. Ол «қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен қазір жақсы мұғалімді дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», – деп жазды. Тұтас көзқарас тұрғысынан, Алтынсариннің бұл пікірі XIX ғасырдағы тек қазақ қоғамы жағдайында ғана емес, жалпы педагогикалық ой-пікірлер арасындағы да аса озық ой ретінде қарастыруға болады.

Ы. Алтынсарин мұғалімнің еңбегінің жемісі – балалардың білімімен өлшенеді деп таныды. Алтынсариннің осындай ой-пікірлері, оның педагогика мәселесіндегі әрбір ұсақ нәрселерге үлкен маңыз беруі әлі күнге дейін мағынасын жоймай келеді және жойылмайды.

Әдебиет тізімі

1. Алтынсарин И. 3 Собр. соч. в 3-х томах: Т.1. [Мәтін]: – Алматы, 1975. – 359 б.
2. Алтынсарин И. Собр. Соч. в 3-х томах: Т.2. [Мәтін]: – Алматы, 1975. – 423 б.

УДК 371

ВИДЕНИЕ ЛИЧНОСТИ ПЕДАГОГА ПРОСВЕТИТЕЛЕМ ЫБРАЕМ АЛТЫНСАРИНЫМ

Ракижанова А. Ж. – старший научный сотрудник Национальной академии образования им.Ы.Алтынсарина, г.Нур-Султан, Республика Казахстан.

Статья посвящена видению личности учителя Ыбраем Алтынсариним. Обращается внимание на роль педагога-учителя в сложном процессе образования, влияние его знаний и умений на успешность решения задач обучения.

Ключевые слова: Ыбырай Алтынсарин, просветитель, учитель, личность педагога, образование педагогическая деятельность.

Одной из основных идей, следование которой помогает наилучшим образом достигнуть поставленных педагогических целей, великий Просветитель Ыбрай Алтынсарин видел в личности учителя, его моральном облике. Размышляя о личности учителя, он был твердо уверен, что учительская должность «не служба, а Богом данное призвание. Во все времена ходили учителя в рубище. Высокую душу для этого следует иметь, способную отдать свою пламень другим людям, ничего не требуя взамен» [1].

Идейные ценности Просветителя Ыбрая Алтынсарина особенно актуальны и сейчас, когда казахстанское образование находится на качественно новой ступени своего развития. В современном быстро меняющемся мире появляются инновационные разработки, внедряются высокие технологии, глубоко в повседневную жизнь проникает интернет, увеличивается объем знаний. Мы наблюдаем новые запросы к системе образования, кардинальное обновление технологий обучения. В связи с повышением требований к качеству образования казахстанскому обществу нужны учителя новой формации, обладающие теми же духовно-нравственными ценностями, каким обладал великий учитель, педагог-энтузиаст, просветитель и ученый Ыбрай Алтынсарин: творческая личность, граждански ответственный, активный, компетентный специалист, профессионально владеющий богатым арсеналом педагогических средств.

Ы. Алтынсарин, положивший начало светскому образованию казахского народа, открыл четыре двухклассных центральных русско-казахских училища, одно женское училище, пять волостных школ, два училища для детей русских поселенцев. Кроме школ на общественных началах и на пожертвования местного населения Алтынсарин организовал открытие ремесленных школ, где можно было обучаться профессиям – слесарное дело, мыловаренное дело, маслостройное дело и кожевенное дело.

Выдающейся исторической заслугой Ы. Алтынсарина является то, что он открыл педагогический класс, позднее реорганизованный в двухлетнее педагогическое училище. Он придавал большое значение организационному единству образовательной и воспитательной систем. Алтынсарин считал, что крепкие принципы и традиции в воспитании и образовании полностью зависят от личности педагога, его поведения и морального облика, являющееся образом и примером для его учеников. Красной нитью через труды Ы. Алтынсарина проходит идея о том, что главным в учебном процессе является квалифицированный педагог. Он верил, что роль учителя чрезвычайно велика, и в стенах школы можно принести огромную пользу для развития общества и каждой человеческой индивидуальности. Учитель становится для обучающихся не только проводником на пути к знаниям,